Бекітемін: ____________
«Балдәурен» бөбекжай -балабақшасының
басшысы: Н.К.Дуйсебаева
«27» 03 «2024»

«Қаралды»
пед.кеңес хаттама № 4
«27» 03 «2024»

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған музыка музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## «Балапан» кіші тобы

2022- 2023 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған перспективалық жоспары

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс - әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыркүйек | «Бақшаға келемін» | Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын дамытуды тудыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. |
| | «Менің добым» | Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Доп туралы ән айтқызу. |
| | «Біздің қуыршақ» | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру.<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. Музыка ән салуға, музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылық танытады.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс - әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
| | «Менің жанұям» | Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу. Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мен бейнесін құруға өзін қоғамның бір мүшесін ретінде сезінуге әртүрлі ойын ұйымдастыруға өз іс әрекетін оң бағалауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| **Қазан айы** | «Көңілді жаңбыр» | Музыкамен жүру,<br>Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.<br>Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. |
| | «торғайлар» | Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсету, аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлатуды үйрету. Мен торғаймын, торғаймын əн қимылдар жасау. |
| **айы** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері** |
| Қараша айы | «Қызыл, көк, жасыл шар» | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Музыкада кейіпкерлердің аю, |
| | «сылдырмақтар әуені» | Балаларды музыка арқылы қимыл-қозғалысқа үйрету. Сылдырмақтар сүйемелдеуімен сылдырмақтардың дыбысталуын ажырата білу. Сылдырмақ динамикасын есте сақтау, ажырата білу. |
| | «Мерекелік ән мен би » | Музыка жанрларын (күй, əн, би, ) ажырату. Қарапайым əуендерді, таныс əндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп əн салу. Музыка арқылы саппен бірінің артынан бірі жүру. Балаларға музыкалық көңіл күй сыйлау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. |
| **айы** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері** |
| Желтоқсан айы | «Шыршамызға арнаймыз» | Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы есту қабілеттерін дамыту. |
| | «Аққала» | Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі. Аққала туралы түсіне отырып, әнді аспаптың сүйемелдеуімен айта алады. |
| | «Қысқы әуен» | Балалардың денесін үйлесімді дамыту. Қыс мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Аппақ қар, ұлпа қар әндерін терезеге өрнектеді жеңіл айтқызып үйрету. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері** |
| Қаңтар айы | «Көңілді достар» | Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу.<br>Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Қоянда қонақта» | Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Домбырада аспапбында орындалатын күйлерді тыңдату.<br>Ән айту. |
| | «Ақ тиін» | Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
| | «Ақ әжем» | Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру.<br>Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. |
| Ақпан айы | «әй-әйата» | Отбасы мүшелері ата, әже, апа туралы түсініктерін қалыптастыру. Қимылды музыкалық аспаптармен (бубен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдыларын үйрету. |
| | «анашым» | Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. Анаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз айы | «Шуақты көктем» | Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыкамен байланыстырып түсіндіру. |
| | «наурыз думан» | Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. |
| | «әдемі көбелек» | Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру,<br>күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ажырата білуге үйрету. Әр түрлі кейіпкерлердің қимылдарын көрсету. Көбелектер қимылдарын жасау. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
| Сәуір айы | «Не қалай дыбыстайды?» | Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Құстардың үй жануарларының дауыстарын тыңдату және құстармен үй жануарлары туралы ән жаттату. |

| | | |
|---|---|---|
| | «аспаптар әлемі» | Музыкалық ойыншық аспаптардың (Барабан, бубен, қоңырау)дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре ля» бірінші октавасының диапазоннында ән салуға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. |
| | «Қане қызық ойын бар» | Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
| Мамыр айы | «Қуыршақ Айжанмен билейміз» | Баяу жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың биіктігіне қарай.<br>Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. |
| | «көңілді би» | Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сөзіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. |
| | «Ғажайып сылдырмақтар» | Музыкалық ырғақты қимылдар жасау. Музыка сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойына қол ұстасып жүріп сылдырмақпен қимылдар жасау. оңға, солға, аяқтармен топырлату, сылдырмақты тығып қайта шығару. |
| | | |

Осы құжат 7 нөмірленіп, тігілді

МКҚК «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі ____________

Дуйсебаева Н.К.